

К.С. Ермагамбетова* , **К.М. Атанакова** 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

*e.mail: quralai.sergabylyqzy@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ШИПАГЕРЛІК ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ НЫШАНДАР: МӘДЕНИ ЖӘНЕ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Мақала қазақтың материалды емес мәдени мұрасының, рухани болмысының элементі – қазақтың дәстүрлі халық емшілігіне арналады. Мақалада қазақтың шипагерлік тәжірибесіндегі нышандарға мәдени және антропологиялық талдау жүргізіледі, бұл тақырыптың мәдени бірегейлікті жаңғырту және материалдық емес мәдени мұраны сақтау контекстіндегі өзектілігін көрсетеді. Қазақ шипагерлік тәжірибесіндегі нышандарды мәдени және антропологиялық талдау дәстүрлі емдеу әдістерінің негізінде жатқан мәдени кодтарды және олардың қазақ халқының күнделікті өміріндегі маңызын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Мақаланың мақсаты – қазақтың шипагерлік тәжірибесінде қолданылатын нышандардың мәдени және антропологиялық маңыздылығын анықтау, сондай-ақ олардың қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау мен трансформацияланудағы рөлін зерттеу.

Зерттеу тұмар, от және қамшы сияқты нышандарды қазақтың шипагерлік тәжірибесі контекстінде зерттеуге бағытталған. Олардың зұлым рухтардан қорғаудағы, ауруларды емдеудегі және рухани тепе-теңдікті сақтаудағы рөліне ерекше назар аударылады.

Мақаланың теориялық-әдістемелік базасы Дж. Фрезердің және Б. Малиновскийдің антропологиялық теорияларына, Ш. Уәлиханов, Р. Мұстафина және С. Кантарбаеваның этнографиялық зерттеулеріне, сондай-ақ Қ. Айдарханұлы, О. Әбдірахман, А. Өтегенованың заманауи қолданбалы жұмыстарына негізделген.

Зерттеудің теориялық құндылығы қазақтың емдік тәжірибесінің мәдени және символдық аспектілерін түсінуді тереңдету, сондай-ақ олардың шаманизммен, түркі наным-сенімдерімен және ислам дәстүрлерімен байланысын анықтау болып табылады. Зерттеуде семиотикалық талдау, сипаттау, салыстыру әдістері, этнографиялық және мәдени-антропологиялық тәсілдер қолданылады. Сапалы мазмұнды талдауды қолдану емдік тәжірибеге қатысты архетиптер мен мифологиялық тақырыптарды ашты.

Зерттеу нәтижелері қазақ халқының дәстүрлі білімін сақтау және насихаттау үшін, сондай-ақ осы білімді заманауи ғылыми және практикалық тәсілдерге біріктіру үшін пайдаланылуы мүмкін. Емдеу тәжірибесіндегі нышандар мен рәсімдерді зерттеу ұлттық бірегейлік пен мәдени сабақтастықты нығайтуға ықпал етеді, бұл әсіресе қазіргі мәдени әлеуметтік өзгерістер жағдайында маңызды.

Түйін сөздер: қазақтың шипагерлік тәжірибесі, нышан, рәсім, тұмар, үкіаяқ, от, аластау, желұшық, қамшы.

K. Yermagambetova*, K. Atanakova

L.N. Gumilyov Eurasian University, Astana, Kazakhstan

* e.mail: quralai.sergabylyqzy@mail.ru

Symbols in kazakh healing practice: cultural and anthropological analysis

The article is devoted to one of the important elements of the intangible cultural heritage and spiritual identity of the Kazakh people – traditional Kazakh folk healing. The article provides a cultural and anthropological analysis of symbols in Kazakh healing practices, highlighting the relevance of the topic in the context of the revival of cultural identity and the preservation of intangible cultural heritage. The cultural and anthropological analysis of symbols in Kazakh healing practices allows for a deeper understanding of the cultural codes underlying traditional methods of treatment and their significance in the daily life of the Kazakh people.

The aim of the article is to identify the cultural and anthropological significance of symbols used in Kazakh healing practices, as well as to explore their role in preserving and transforming the cultural heritage of the Kazakh people.

The research focuses on the study of symbols such as tumar (amulets), fire, and kamschy (whip) in the context of Kazakh healing practices. Special attention is given to their role in protection from evil spirits, healing illnesses, and maintaining spiritual balance.

The work is based on the anthropological theories of J. Frazer and B. Malinowski, ethnographic studies by Sh. Ualikhanov, R. Mustafina, and S. Kantarbayeva, as well as contemporary applied works by K. Aidarkhanuly, O. Abdirahman, and A. Utegenova. The theoretical value of the research lies in deepening the understanding of the cultural and symbolic aspects of Kazakh healing practices, as well as in identifying their connection with shamanism, Turkic beliefs, and Islamic traditions.

The study employs methods of semiotic analysis, description, comparison, as well as ethnographic and cultural-anthropological approaches. The use of qualitative content analysis has made it possible to identify archetypes and mythological plots associated with healing practices.

The results of the research can be used to preserve and popularize the traditional knowledge of the Kazakh people, as well as to integrate this knowledge into modern scientific and practical approaches. The study of symbols and rituals in healing practices contributes to strengthening national identity and cultural continuity, which is particularly important in the context of contemporary social changes.

Keywords: Kazakh healing practices, symbol, ritual, tumar, ukuayak, fire, alatau, zhelushuk, kamshy.

К.С. Ермагамбетова*, К.М. Атанакова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

*e-mail: quralai.sergabylyzy@mail.ru

Символы в казахской целительской практике: культурный и антропологический анализ

Статья посвящена одному из важных элементов нематериального культурного наследия, духовной идентичности казахов – традиционному казахскому народному целительству. В статье проводится культурный и антропологический анализ символов в казахской целительской практике, что подчеркивает актуальность темы в контексте возрождения культурной идентичности и сохранения нематериального культурного наследия. Культурный и антропологический анализ символов в казахской целительской практике позволяет глубже понять культурные коды, лежащие в основе традиционных методов лечения, и их значение в повседневной жизни казахского народа.

Целью статьи – выявить культурное и антропологическое значение символов, использующихся в казахской целительской практике, а также изучение их роли в сохранении и трансформации культурного наследия казахского народа.

Исследование сосредоточено на изучении символов, таких как тумар (амулеты), огонь и камшы, в контексте казахской целительской практики. Особое внимание уделяется их роли в защите от злых духов, лечении болезней и поддержании духовного равновесия.

Работа опирается на антропологические теории Дж. Фрезера и Б. Малиновского, на этнографические исследования Ш. Уалиханова, Р. Мустафиной и С. Кантарбаевой, а также на современные прикладные работы К. Айдарханулы, О. Әбдірахман, А. Утегеновой. Теоретическая ценность исследования заключается в углублении понимания культурных и символических аспектов казахской целительской практики, а также в выявлении их связи с шаманизмом, тюркскими верованиями и исламскими традициями.

В исследовании применяются методы семиотического анализа, описания, сравнения, а также этнографические и культурно-антропологические подходы. Использование качественного контент-анализа позволило выявить архетипы и мифологические сюжеты, связанные с целительскими практиками.

Результаты исследования могут быть использованы для сохранения и популяризации традиционных знаний казахского народа, а также для интеграции этих знаний в современные научные и практические подходы. Изучение символов и ритуалов в целительской практике способствует укреплению национальной идентичности и культурной преемственности, что особенно важно в условиях современных социальных изменений.

Ключевые слова: казахская целительская практика, символ, ритуал, тумар, үкіяяк, огонь, ала-стау, желушук, камшы.

Кіріспе

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті оның рухани өмірі мен тұрмыс-тіршілігін айқындайтын рәміздер мен рәсімдерге және ырымдарға толы. Қазақ мәдениетінің маңызды қырларының

бірі – шипагерлік тәжірибесі, ол сөз бен заттың күшіне, ырым мен тыйымның әрекетіне, рәсімнің құдіретіне сенуге негізделген терең рухани-мәдени жүйе.

Қазақтың шипагерлік дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ежелгі әдеп-

ғұрыптардың бірегей кешені. Жаһандану мен модернизацияның ықпалына қарамастан, бұл тәжірибелер қазақ халқының мәдени болмысының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қазіргі мәдениетте де өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Емшілік дәстүрінде қолданылған ғұрыптар, рәсімдер мен нышандар ежелгі дәуірден бастау алатын терең мәдени-антропологиялық тамыры бар рухани құндылық болып табылады. Жаһандану үдерістері мен қазіргі мәдени өзгерістер жағдайында емшілік тәжірибелерін зерттеу ерекше маңызға ие. Өйткені, олар мәдени мұраны сақтауға және түсінуге, оның заманауи әлемде өзектілігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Шипагерлік тәжірибелеріндегі рәміздер, нышандар және рәсімдер ұлттық әдеп-ғұрыптың, ырым-тыйымдардың, жоралғылардың негізі болып табылады.

Мақаланың мақсаты – қазақтың шипагерлік тәжірибесіндегі рәміздердің, ырым-тыйымдардың, рәсімдердің мәдени контексті мен антропологиялық мәнін зерттеу, сондай-ақ олардың қазақ халқының мәдени мұрасын сақтаудағы, трансформациялаудағы және дәріптеудегі рөлін анықтау.

Қазақ емшілік тәжірибесіндегі нышандар мен рәсімдердің өзектілігі бірнеше факторлармен айқындалады. Атап айтқанда ең басты себеп – адамзаттың мәдени мұраны сақтау және дәріптеу мақсатымен байланысты. Яғни, жаһандану және белсенді урбанизация дәуірінде мәдени дәстүрлер, соның ішінде халықтың ұлттық шипагерлік тәжірибелерінің жойылу қаупі. Қазақтың шипагерлік тәжірибесіндегі рәміздер мен ырымдарды зерделеу және түсіну қазақ халқының мәдени тамырын мен бірегей этникалық ерекшелігі туралы білімді сақтауға және келешек ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Бұл әсіресе мәдени мұраны сақтау, ұлттық мәдени кодты қалыптастыру және ұлттық бірегейдікті нығайту үшін маңызды.

Екіншіден, этномәдениет пен рухани тәжірибеге қызығушылықты арттыруға көмектеседі. Қазіргі қоғамда салауатты өмір салтын ұстану және дене мен рух тепе-теңдігін сақтау дәстүрі кең таралуда. Осы тұрғыдан қазақтың шипагерлік тәжірибелеріндегі салауатты өмір нышандары мен рәміздерін саралау маңызды деп санаймыз.

Сонымен, қазіргі таңда қазақтың шипагерлік дәстүріндегі рәміздер мен рәсімдер, ырым-тыйымдар мен жоралғылар қазақ халқының мәдени антропологиялық ерекшеліктерін қалай сипаттайды? Мәдени бірегейлікті нығайту мен

рухани мәдениетті дәріптеуге қалай ықпал етеді? деген сұрақтар туындайды. Әсіресе қазіргі технологиялық өркениеттің қарқынды дамуында халықтық емшілікті дәріптеу қажет пе деген сұрақтар да қазіргі кездегі ғалымдарды мазалауы мүмкін. Дегенмен әрбір жаңашылдықтың іргетасы – көне дәстүр, ежелгі тәжірибе, күнделікті әрекет. Қазақстан Республикасының мәдениет саласындағы стратегиялық жобалары, әсіресе рухани мәдениетті дамыту, ұлттық құндылықтарды сақтау және дәріптеуге бағытталған мақсаты мен міндеттері тұрғысынан аталған тақырыпты зерттеуде маңызды деп ойлаймыз.

Әдіснама және әдістер

Шипагерлік тәжірибесіндегі нышандар мен ырымдардың антропологиялық мәнін тереңдетіп зерттеу үшін кешенді әдістемелік тәсілдер қолданылды. Зерттеудің әдістемесі мәдени антропологиялық, семиотикалық, контент талдау, этнографиялық, салыстырмалы және сипаттау әдістеріне негізделді. Дж. Фрезердің (2018) амулет тұжырымдамасы, Б. Малиновскийдің (2015) қасиетті заттар туралы функционалистік теориясы, Ш.Уалихановтың (2014) шамандық тәжірибелер туралы көзқарасы, С. Кантарбаеваның (2010) «қазақтың ұлттық тұмарлары» атты зерттеуі, Ж.Шайгозова мен А. Наурызбаеваның (2023) «Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандары», Қ.Айдарханұлының (2019) қазақ емшілігінде қолданылатын амалдары туралы ілімдері, Р. Мустафинаның (1992) «Представления, культы, обряды у казахов» еңбегі емдік нышандардың мәдени мағыналарын талдауға негіз болды. Халық шипагерлігіндегі нышандар мен әдет-ғұрыптар қазақ халқының күнделікті мәдениетінің, тұрмыс-тіршілігінің және діни наным-сенімінің ерекшеліктерін көрсететін күнделікті тәжірибе мен дәстүрлі білімінің көп қырлы жиынтығын білдіреді. Бұл қырларды зерттеу адамдардың мәдени бірегейлігі мен дәстүрлі тәжірибесін нығайтудағы рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. күнделікті өмір мен адамдардың дүниетанымының ерекшелігін зерттеумен байланысты.

XXI ғасыр техниканың, медицинаның, ғылымның дамыған заманы. Бұл кезеңде бақсылыққа жүгіну ерсі көрінер, дегенмен бақсылардың көмегіне жүгіну тәжірибесі жиі кездеседі. Қазақтың шипагерлік тәжірибесінде емшілердің бірнеше атаулары кездеседі. Олардың әрқайсының өзінің атқаратын қызметі мен емдеу тәсілі

бар. Ол туралы «Қазақтың күнделікті мәдениетіндегі емшілер типологиясы және емдеу тәжірибелері» (Ермагамбетова & Атанакова, 2023) атты алғашқы зерттеулерімізде жазып кеткенбіз.

Мәдени антропологиялық және этнографиялық әдіс қазақ халқының мәдени жүйесіндегі нышандар мен ырымдардың ерекшелігін және қазіргі кездегі қолдану формаларын айқындауға мүмкіндік берді. Сапалы контент талдау арқылы шипагерлікке қатысты архетиптер, бейнелер мен мифологиялық сюжеттер анықталды. Семантикалық тәсіл нышандар (мысалы, тұмарлар, дұғалар немесе табиғи нысандар) мен ырымдардың мағыналарын түсіндіріп, олардың емшілік ритуалдарындағы орны айқындалды.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі Қазақстанда мәдени бірегейлікті қайта жаңғырту және мәдени жадты белсенді қалпына келтіру аясында қазақ емшілік тәжірибесіндегі нышандар мен ырымдарға ерекше мән берілуде. Табиғи компоненттерді (шөптер, саз, минералдар, гирудотерапия және т.б.) пайдалануды ғана емес, сондай-ақ шамандық рәсім элементтерін де қамтитын дәстүрлі емес емдеу әдістеріне деген қызығушылық артып келеді (Айдарханұлы, 2019). Қазақ мәдениетіндегі символдар дәстүрлі емшілік тәжірибелерінің негізін құрай отырып, адамның табиғатпен, космологиямен және рухани әлеммен терең байланысын көрсетеді. Олар материалдық және рухани әлемді байланыстырушы көпір ретінде қызмет етіп, дәстүрлі сенімдер бойынша, адамның денсаулығы мен әл-ауқатын басқаратын күштермен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Шипагерлік тәжірибесіндегі нышандардың когнитивтік қызметі олардың әлемді құрылымдап, түсіндіріп, оны түсінікті және болжамды ету қабілетінде жатыр. Ғылыми білім шектеулі болған дәстүрлі қоғамда символдар аурулар, бақытсыздықтар немесе табиғи апаттар сияқты күрделі құбылыстарды түсіндіру құралы ретінде қызмет атқарды. Әлеуметтік қызметі нышандардың қоғам мүшелері арасындағы байланыстарды нығайту, ұжымдық бірегейлікті қолдау және дәстүрлі білімді ұрпақтан ұрпаққа жеткізу қабілетінде жатыр. Мәдени қызметі мәдени мұраны сақтап, жеткізу қабілетінде, сондай-ақ қазақтың рухани мәдениетін жетілдірумен байланысты.

Емшілік тәжірибесінде пайда болған нышандар ертеден келе жатқан наным-сенімдермен, ырым-тыйымдармен байланысты. Жын, шәйтан,

аруақ қону, көз бен тіл тию, қорғыс ату, сиқырлау, дуалау тәрізді тылсым сенімдер шипагерліктің де тылсым тәжірибелерінің қалыптасуына әкелді (Утегенова, 2021, с. 48). Бұл тәжірибеде рухани және физикалық қорғаныс элементтері маңызды рөл атқарады. Мысалы, тұмар – қорғау мен үйлесімділіктің символы ретінде қазақ емшілік дәстүріндегі басты символдардың бірі болып саналады. Ол жын-шайтаннан және көз тиюден қорғайтын амулет. С. Қантарбаеваның зерттеулеріне сәйкес, тұмарлар көбінесе дұғалар мен ырым сөздерден тұрады, бұл адамның жоғарғы күштермен және ата-бабалармен байланысын бейнелейді (Қантарбаева, 2010). Бұл амулеттер тек қорғаушы рөлін атқарып қана қоймай, қауіпсіздік пен үйлесімділік сезімін нығайтады. Тұмарлар сакральды нысан ретінде шамандық және мәдени дәстүрлер элементтерін біріктіреді, бұл олардың этномәдени мұраны сақтаудағы маңыздылығын көрсетеді.

Су мен от табиғи нышан ретінде тазарту және трансформация рәсімдерінде маңызды рөл атқарады. Қазақ ритуалдарында су жаңаруды және жағымсыз энергиядан арылуды білдіреді, бұл туралы Шайгозова мен Наурызбаева атап өткен (Шайгозова & Наурызбаева, 2023, с. 59). Ал от аурулар мен теріс энергияны символикалық түрде «жоюшы» ретінде пайдаланылады. Бұл нышандар адамның табиғатпен үйлесімділігін көрсетеді, ол қазақ емшілік философиясының негізін құрайды.

«Көз тию» және «тіл тию» сенімі барлық халықта кездеседі. Қазақтың дүниетанымында бұдан қорғану ырымдары мен оны емдеу тәжірибелерінің көптеген түрі кездеседі. Әсіресе көз тиюге байланысты сенімдер маңызды орын алады, бұл қызғанышты жойқын күш ретінде дәстүрлі түсініктерді бейнелейді. Көз тиюден қорғау үшін тұмарлар, сексеуіл түтінімен аласау және арнайы дұғалар қолданылады (Әбдірахман, 1999). Ырымдар сондай-ақ табу тыйымдары арқылы көрініс табады, мысалы, пышақты қолдан қолға беру немесе бос бесікті қалдыруға тыйым салу. Бұл тыйымдар рухани қорғау ғана емес, сондай-ақ практикалық сақтық шарасы ретінде әлеуметтік байланыстарды нығайтуға қызмет етеді. М.Муқанованың деректеріне сәйкес, мұндай тыйымдар мәдени нормаларды сақтауға және жанжалдардың алдын алуға ықпал етеді (Муқанова, 2014). Емшілік тәжірибесінде сонымен қатар металдардың ерекше орны бар, олар қорғау, емдеу және үйлесімділікті қамтамасыз етуші құрал ретінде қолданылады. Атап айтқан-

да, қорғасын өзінің магиялық-емдік және қорғаныс функцияларымен ерекшеленеді. Мәдени контексте металдар кеңістікті ұйымдастырушы және адамның жағдайын өзгертуші ретінде қабылданады. Металдарға байланысты ырымдар олардың сакралды сипатын айқындайды.

Берліген авторлар қазақтың шипагерлік тәжірибесіндегі ырымдар мен нышандардың когнитивтік және әлеуметтік қызметіне ерекше мән береді. Бүгінгі күні мәдени сабақтастықтың сақталуы ұлттық тұтастығымыз бен мәдени кодымызды сақтаудың бірден бір тәжірибесі болып саналады.

Тұмар – шипагерлік тәжірибе нышаны ретінде

Адамға зиян келтіретін адам деген тұжырым бар. Философиялық немесе психологиялық тұжырым бойынша, адамның әдеті, адамның күнделікті тұрмысы, адамның ойы, адамның сөзі, адамның іс-әрекеті өзіне және қоршаған ортасына әсер етеді. Одан қорғану мен сақтанудың тәсілдері де аз емес. Ең бастысы адамның рухани болмысы таза болуы тиіс. Осыған байланысты қазақтың дүниетанымында ерте заманнан келе жатқан әртүрлі ырымдар, тыйымдар және нанымдар бар. Солардың ішінде кең тараған ырым-нанымның түрлері – «көз тию» және «тіл тию» және «жын, шәйттан» деген түсініктер. Көз тию – бұл қазақ мәдениеті мен дәстүрінде кең таралған түсінік, адамның сыртқы келбеті, жетістіктері немесе өміріндегі жақсы нәрселеріне басқа адамның қызғаныш немесе жағымсыз ниеті әсер етіп, зиян келтіруі мүмкін деген сенім (Айдарханұлы, 2019, б. 142; Әбдіраман, 1999, б. 23). Көз тию көбінесе жаман энергияның адамға өтуімен байланыстырылады, ол адамның денсаулығына, көңіл-күйіне немесе өміріндегі табысына кері әсер етуі мүмкін деп есептеледі. Қазақтың күнделікті тұрмыстық мәдениетінде «адамның көзі мен тілі біреуге ғана емес өзіне де тиеді» деген сенім бар. Сондықтан ежелден ата-бабамыз «жақсы сөз сөйлеу, жақсы ой ойлау, дұрыс сөйлем құру» деген ырымдарға сенген.

Көз тию және тіл тию – сиқырлықпен байланысты наным-сенімге негізделген ерте заманнан келе жатқан мәдени феномен. Көз – адамның бойындағы магиялық күшке ие өткір мүше. Адамның көз жанарында адамның барлық мінезі-құлқы және ниеті де жасырылған. Көз тию көбінесе адамның қызғанышты немесе жаман ниетті көзқарасы зиян тигізуі мүмкін деген түсінікпен байланысты ырым ретінде қарастырыла-

ды. Бұл сенім қазақ мәдениеті мен басқа да көптеген мәдениеттерде терең тамыр жайған, мұнда көз тию басқа адамның бойынан шығатын теріс энергияның әрекеті ретінде қабылданады. Қазақ дүниетанымында еш нәрсеге «сұқтанба», «тесіле қарама», «көз тікпе» деген тыйымдар бар. Бұл әрекеттер көз тиюге әкелетін болғандықтан тыйым салынған.

Дж. Фрезер көз тиюді симпатикалық магия тәжірибесі, яғни бір адамның теріс ниеті немесе эмоциялы көзқарас күші арқылы екінші адамға зиян келтіру мүмкіндігі деп сипаттайды. Фрезердің түсінігі бойынша көз тию – ол магиялық ойлау, мұнда көзқарас немесе ниет физикалық әлемге әсер ету үшін нақты күшке ие деп есептеледі (Фрезер, 2018). Б.Малиновскийдің пікірінше, көз тиюге деген сенім көбінесе белгізідік және күйзеліс жағдайында адамдар өздерінің сәтсіздіктерін немесе бақытсыздықтарын түсіндіруге тырысқанда пайдал болған. Көз тиюден қорқу психологиялық қызметті орындайды, яғни аландаушылықты азайтады және белгісіздікпен күресуге көмектеседі (Малиновский, 2015).

Қайрат Айдарханұлы көз тиюді, тіл тиюді ең кең таралған аурудың түріне жатқызады. Бұл белгілі бір адамның бойындағы тылсым күштің әсерінен пайда болады деп санайды. Кейбір адам өзінің бойындағы көзқарастың ауыр екенінде білмеуі мүмкін. Дегенмен, сұқтанудан, таңқалудан туындайтын аурудың күнделікті өмірде жиі кездесетінін дәлелдейді (Айдарханұлы, 2019). Өтеген Әбдіраман көз тиюді түркі тілдес халықтарына тән қара емдердің түріне жатқызады (Әбдіраман, 1999). Көз бен тіл тиюден сақтану және оны емдеу тәсілдері мен жолдары бар. Көз тек адамға тимейді, көз жанды және жансыз заттардың бәріне әсер етеді. Көз тию және тіл тиюден қорғайтын нышанның бірі – тұмар.

Тұмар – қазақ мәдениетіндегі ежелгі бой-тұмарлардың бірі, жын-шайтаннан және бақытсыздықтан сақтану үшін тағылатын қорғау символы. Тұмар сөзінің этимологиясына келсек, ол парсының «тимар» деген сөзінен шыққан «қамқорлық», «қорғау» (Мустафина, 1992, с. 51) деген мағынаны білдіреді. С. Қантарбаеваның зерттеулеріне сәйкес, тұмарлар көбінесе дұғалар мен ырым сөздерден тұрады, бұл адамның жоғарғы күштермен және ата-бабалармен байланысын бейнелейді. Тұмарлар тек қорғаныс қызметін атқарып қана қоймай, сонымен бірге қауіпсіздік пен үйлесімділік сезімін нығайтады.

«Тұмар» деген сөз қазақ тіліне парсыдан енген, «қорғаныс, қамқорлық» деген мағына-

ны білдіреді. Тұмар тағу барлық мәдениетте кездесетін құбылыс. Біреу оны амулет, көзтимес, қорғаныш деп атаса, қазақ халқы тұмар деп атайды. Түріктерде көз тиюден қорғайтын амулет – «Nazar Boncuğu» (назар бонджугу) деп аталады (Tillinghast, 2007, p. 153). Біз оны «көзтимес» деп атаймыз. Бұл көк түсті ортасында көздің суреті бар тас. Түріктердің сенімі бойынша бұл адамды, мал-жанды, үйді жамандықтан қорғайтын, сұқ көзден сақтайтын қорғаныс материалы болып саналады. Сонымен қатар түріктерде де тұмар деген түсінік бар. Тұмар ол белгілі бір заттарға берген құдіретті қасиетпен сипатталатын амулеттер. Оларға әртүрлі заттарды жатқызуға болады. Мысалы: теңіздің ракуш-калары, дұғамен нәрлендірілген, киелі жерден әкелген немесе ата-бабасынан қалған заттар болуы мүмкін. дегенмен, белгілі бір затты тұмар ретінде таға салуға болмайды. Тұмар жасау, тағу, ілу тәжірибесі көшпенділіктен келе жатқан дәстүр. Тұмарды дайындаудың да өзіндік жолдары мен тәсілдері бар. Сондықтан да бүгінгі күнде тұмардың бірнеше түрлері кездеседі.

Тұмардың түрлері. Тұмар формасына байланысты үшбұрышты, шиыршық, төртбұрышты немесе жастық тұмар болып бөлінеді. Үшбұрышты тұмар рухани, физикалық және табиғат әлемінің үштік бірілігін нышандайды. Бұл кең таралған түрі. Шиыршықты тұмардың ішіне дұғалар немесе тылсым сөздер жазылып салынады. Оны заттарға байлайды. Төртбұрышты немесе жастық тұмар тұрақтылық пен қорғанысты нышандайды, үй ішіне іледі. Жасау материалына байланысты: алтын тұмар, тіллә тұмар, сіркелі қолтық тұмар, бойтұмар, жастық тұмар, қиық тұмар, лағыл тұмар, былғары тұмар, ағаш тұмар, маталы тұмар деп бөлінеді (Тохтабаева, 2005, с. 67). Бұлардың ішінде кең тарағаны бойтұмар. Адамға арналып безендіріліп жасалатын, дұғалар мен сиқырлы сөздермен толықтырылған тұмар түрі. Бойтұмар емдік және сәндік амулит. Күміс материалы кеңінен қолданылады. Арнайы зергерлік өолөнершілер жасайды. Бойтұмар деп аталуының өзі психоэмоционалдық тұрғыдан адамның бойын жамандықтан қорғау деп түсіндіруге болады. Мәдени контексте бойтұмар адамды тәрбиелеудің бір формасы.

Маталы тұмар емшілік тәжірибесінде жиі қолданылады. Әрбір емші қорғаныш ретінде дұғалар, құран аяттары және қасиетті емдік шөптерді салып тігеді (Толеубаев, 1991, с. 71). Маталы тұмар киімнің ішінен тағылатын болғандықтан жұмсақ матадан тігіледі. Киімнің

кеудешесіне, жауырын бөлігіне, баскімінің ішіне тігіледі. Бұл адамды көз тиюден, тіл тиюден, жағымсыз сыртқы әсерлерден қорғаушы деп саналған.

Тұмар тек емшілік тәжірибесінде ғана қолданылатын құрал емес, ол көптірлі мәнге ие мәдени нысан. Фетишизм элементі ретінде адамның ішкі қорқынышын басатын, рухани қауіпсіздік сезімін беретін нышан. Оның қасиеттілін жоғары бағалаған халық тұмарды адамның көзі түспейтіндей жасырын таққан. Оны таза емес орындарда ұстамайға тырысқан. Емшілер тұмарларды адамның жеке қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы жасайды. Мысалы, көз тиюден қорғау үшін тұмардың ішіне дұғалар салынады, ал ауруларды емдеу үшін шипалы шөптер қолданылады. Тұмар ритуалдарда да кеңінен қолданылады. Мысалы, оны науқастың төсегінің басына іліп немесе жастығының астына қойып, сауығу процесін тездетуге тырысады. Кейбір жағдайларда тұмарды отпен аластап немесе жағып, жаман рухтарды қуу немесе дуа қайтару үшін пайдаланады.

Екіншіден, тұмар көшпелілердің сиқырлы наным-сеніміне байланысты зергерлік бұйымдардың бір түрі деуге болады. Әшекей бұйым ретінде тұмар көбінесе күмістен, кейде алтыннан жасалған арнайы қап ретінде пайдаланылды. Оның ішіне адамның көз тиюден, аурулардан, бедеуліктен және жаман рухтардан қорғайтын талисман салынды. Мұндай әшекей адамды өмірінің алғашқы күндерінен бастап қорғап жүрді – жаңадан туған сәбиге міндетті түрде үшбұрышты бойтұмар тағатын (Утегенова, 2021, с. 52). Ересектер (көбінесе әйелдер) тұмарларды бастарына, мойындарына, арқаларына, кеуделеріне және қолтық астарына тағатын. Соңғысы ұзын шынжыр арқылы иықтан тағылып, ерекше қорғалатын орын деп есептелді, өйткені сенім бойынша, дәл осы жерден адамның жаны шығып кетуі мүмкін деп саналады. Жүп тұмарлар немесе қос тұмар да жасалды, олар тікбұрышты немесе цилиндрлік пішінде болып, киімнің кеуде немесе арқасының екі жағына, не болмаса көйлектің жеңіне тағылатын (Утегенова, 2021, с. 53). Тұмар үйлену әшекейлерінің ажырамас бөлігіне айналып, оның тағылуы иесіне қорғау мен игілік әкелді.

Көшпенді халық тұмардың жасалу технологиясына да үлкен мән берген. Тұмарларды жасау технологиясы мен әшекейлеу әдістері, олардың эстетикалық сипаттамалары өндірілетін ортаға байланысты өзгеріп отырды, дала тұрғындары-

ның монументалды бұйымдарынан қала зергерлерінің ажурлы пішіндеріне дейін. Түркімен мен қарақалпақ тұмар бөліктерінің монолитті байланыстарымен, массивтік тұйық пішіндерімен ерекшеленсе, өзбек және тәжік тілдерінде көптеген қосымша мөр басылған кулондары, моншақтары бар жылжымалы құрылымдар болды, олар дәндердің шашырауын еске салады – классикалық белгілердің тілектерімен байланысты. құнарлылық пен молшылық, көп төл.

Қазіргі кезде тұмар емдік, қорғаныш қызметімен қатар сәндік қызмет атқарады. Ш. Тохтабаеваның пікірінше, пішінінің өзі қолданбалы филиграндық және түйіршіктеу, қаралау және алтын жалату, гравюра немесе қарапайым өсімдік немесе геометриялық фигуралар түріндегі контр-рельефтік өрнектермен безендірілген және көптеген жартылай асыл тастармен: сергек, маржан, көгілдір, лапис лазули, ал арзандары үшін шыны қолданылады (Тохтабаева, 2005, с. 68). Қалалық зергерлер де жалпақ (нақты қаптамасыз және міндетті қақпақсыз) тұмарларды жасап, оларды таза сәндік әшекейлерге айналдырды. Дәл осы санатқа жұқа сымнан тоқылған шағын корпус ашық, мөлдір медальонға айналғанда, ашық филиграндық техникамен жасалған зергерлік бұйымдарды қамтиды. Енді мұндай тұмарларда дұға жазылған парақтарды жасыруға болмайды, олар тек безендіру ретінде пайдаланылуы мүмкін – осылайша амулеттің практикалық қызметі біртіндеп сәндік функциямен ауыстырылды, бірақ оның қорғаныш қасиеттеріне деген сенім сақталды. Қасиетті қасиеттер корпусының өзіне, дәлірек айтсақ, оның бастапқы формасына, декорға (ою-өрнек, тастар, олардың әрқайсысы белгілі бір сиқырлы қасиеттерге ие болды) және, сайып келгенде, жабық амулетке берілді (Тохтабаева, 2005, с. 69).

Тұмардың пішінін таңдау – тікбұрышты, үшбұрышты, дөңгелек, цилиндрлік немесе призмалық – әр жағдайда оның қасиеттерімен ойластырылған. Ежелгі адамдардың санасында кез келген қарапайым фигура кеңістіктің геометриялық символикасымен байланысты кең ауқымды идеяларды алып жүрді. Шеңбер аспан денелерін – Күнді немесе Айды, сәйкесінше олардың патронажын, шаршы – Жерді бейнеледі. Адамзат тарихындағы ең көп таралған, классикалық, пішін, ең көне және жұмбақ нышандардың бірі болып табылатын үшбұрыш зұлым көзден қорғану сиқырымен байланысты болды (дала мәдениетіндегі архаикалық үлгілердің бірі – жасалған тұмар. Үшбұрышты қошқардың иық пышағы-

нан – артқы, арқаны қорғаудың символы ретінде, сондай-ақ сәуегейліктің дәстүрлі атрибуты). Көптеген халықтар үшбұрышты жасампаз құдайдың күдіреті, көтерілу, жоғарғы әлемге жақындығы және, тиісінше, оның қамқорлығы идеясымен байланыстырды.

Шипагерлік тәжірибеде құстар мен жануарлардың белгілі бір мүшелерін тұмар орнына тағу тәжірибесі де кездеседі. Ең кең таралғаны – үкіаяқ (Муканова, 2014, с. 32). Үкі құсы көшпенділер үшін киелі құс саналған. Оның тырнағы мен жүнін жаман күштерден және тіл-көзден қорғану үшін таққан. Үкіаяқты жасау үшін оның екі тырнағын екі жаққа қаратын күміспен құрсаулап қаптаған. Қыз-келіншектер бұл тұмарды сырға немесе алқа ретінде таққан, балаларды қорғау үшін бесікке ілген және баланың киіміне тіккен. Үкінің мамқы жүнін тақсандармен есептен, буып түскиізге немесе есіктің бұрышына ілген. Үкі тағы тәжірибесі қазірде де бар. Оның мәні мен мазмұны біраз трансформацияланды. Үкіні қыз баланың бас киімін безендіру үшін қолданылады. Әсіресе ұзатылатын қыздың сәукелесіне таққан. Бұл пәктіктің, ақылдылықтың, сұлулықтың нышаны ретінде сипатталған. Содан бері жаңа үйленген жігітке «үкің немесе құсың құтты болсын» деп құттықтайды.

Сонымен бірге үкі бүгінгі өзінде домбыраға тағылады. Бұл күйшілерді көзден, тілден, сөзден қорғаушы нышан қызметін атқарады.

Тұмардың функционалдық қызметі көп болғанымен, оның қасиеті өзгерген жоқ. Тұмар қазақ халқының сакральды мұрасы мен мәдениетінің айқын символы болып қала береді. Ол ғасырлар бойы адамдардың сенімдері мен қажеттіліктеріне бейімделіп, қорғаушы амулет және эстетикалық әшекей ретінде өз маңызын сақтап қалады.

Қазақ емшілігіндегі от нышаны және алас-тау тәжірибесі

От әлемнің барлық халықтарының мәдениеті мен дәстүрінде орталық орынға ие. Тәңіршілдік дүниетанымдық жүйеде сакаралды мәнге ие ерекше нысан. От қазақ халқының күнделікті мәдениетінің ажырамас құралы. От – қорғаныш, жылулық, тазалық, энергия нашыны болып табылады. Отты мәдениеттің символдық элементі ретінде зерттеу антропология мен этнография дамуының алғашқы кезеңінде басталды. Оттың магиялық күдіретін айқындаған ғалымдардың бірі Дж. Фрезер ежелгі өркениеттердегі «от мерекесі» рәсімінің пайда болуының «солярлық

(күн)» және «тазару» теориясын ұсынды (Фрэзер, 2018, с. 301). Солярлық теориясы бойынша жердегі от күн сәулесінің өнімі болып саналады, ал оттың өзі оның жарықтығын арттыру үшін күнге сиқырлы әсер ету құралы ретінде құрметтелді. Аталған теория бойынша от өмірлік қуат пен құнарлылықты нышандайды (Фрэзер, 2018, с. 304). Тазарту теориясы бойынша от зұлымдықты жою құралы ретінде қарастырылды. Фрейзердің пікірінше, ол материалдық және рухани шығу тегі зиянды элементтерді өртеп жіберді және жояды» (Фрэзер, 2018, с. 304).

Қазақстандық этнографиялық зерттеуде отты мәдени феномен ретінде бірінші болып қарастырған Ш.Уалиханов, оның тәңіршілдік, мистикалық, шамандық белгілерін жіктеп көрсеткен. Тәңіршілдік дүниетаным бойынша от жаңа әлемді тудырушы аналық бастама. Көшпенділер қоныс аудару кезінде малды, тұрмыстық заттарды, екі оттың арасынан өткізген. Бұл тәжірибені Уалиханов «аластау» деп атаған (Уалиханов, 2014, с. 208). Тек жылқы малын ғана оттан өткізбеген. Көшпенділердің дүниетанымында жылқы малы о бастан оттан жаралған (Наурызбаева, 2021). Мистикалық тұрғыдан оттың екі жақсы табиғатын сипаттайды: біріншіден ол өмірдің қайнар көзі болса, екінші жағынан ол қиратушы, жоюшы ретінде сипатталады. Ең кең тараған қызметі жаман энергиядан тазарту және ауруды емдеу. Ш.Уалиханов өзінің еңбегінде оттың шамандық қасиеттеріне ерекше мән берген. Шамандық элементтер оттың сакралдық және мистикалық қасиеттерін ұштастырады. Адамды отпен емдеу тәсілдері өте көп. Ш.Уалиханов соның бірін былай сипаттайды:

«Лечат огнем так: из семи частей тела скота вырезают куски, бросают в огонь и греют больное место (преимущественно в ревматизмах). Очищают от болезни в этом жертвенном огне, бросают в огонь жестяной ковши, раскаляют его докрасна, потом кладут в него масло и синюю тряпку; когда это загорит, то подносят его под самый нос больного и наливают холодную воду – выходит ужасный пар. Способ лечения называется джелушук (қазақша «желушық»)» (Уалиханов, 2014, с. 209).

Желушық адамның жаны мен тәнін аурудан емдеу және жағымсыз энергиядан тазарту тәсілі болып табылады. Желушық от пен түтін арқылы аруақтардан адамға саулық сұрауға бағытталған шамандық тәжірибенің бір түрі. Қазіргі кезде

Уалиханов сипаттағандай тәсіл жоқ. Дегенмен, от пен түтін арқылы адамның бойындағы әлсіздікті алу, тазарту тәсілі кейбір емшілердің тәжірибесінде қолданылады. Атап айтқанда, ағашты немесе бір кесе көмірді жазу арқылы оның уақталған күлін адамның бетіне үрлеу немесе сол күлді суға салып адамның бетіне бүрку арқылы емдеу тәжірибесі кездеседі. Бұл сирек кездесетін тәжірибе болып табылады.

Күнделікті мәдениетте кең қолданытан шипагерлік тәжірибе – ол аластау. Аластау үйді жаман энергиядан тазарту, адамды ауыртпалығын алу үшін, баланы шошынудан және тіл/көзден сақтау үшін жасалады (Маулет & Тлегенова, 2023). Далалық зерттеу барысындағы бақылау нәтижесінде үйді тазалау үшін адыраспан және арша шөптері қолданылағанын байқадық. Күнделікті өмірде тұмау немесе респираторлық вирустық инфекция кезінде үй ішін адыраспанмен аластау тәжірибесі жүргізіледі. Бұл тәжірибені әрбір адам «алас, алас, алас, барлық пәледен қалас, тілдінің тілі өзіне, көздің көзі өзіне, сөздің сөзі өзіне. Алас, алас, алас жамандықтан қалас, ауру сырқаудан алас» деген сөздермен сүйемелдеу арқылы жағылған адыраспанмен үйдің барлық бұрыштарын аластайды. Егер, үй тұғындары үлкен ауыртпалық сезінсе, жолы болмай жүрсе, үй ішінде қара энергиялар сезілсе арнайы бақсының немесе емшінің қызметіне жүгінеді. Бұл жағдайда емші аластау үшін адыраспан мен аршаны бірге жағады және арнайы дұғалар мен сүрелерді оқиды. Толық тазарту үшін бұл тәжірибе үш рет жасалу керек деп есептеледі. Баланы қарапайым шырпыны (сіріңке) жағу арқылы аластайды. Ал баланың жататын төсегін адыраспанмен аластайды. Емшілердің тәжірибесінде адыраспан вирусқа қарсы емдік шөп болып саналады.

Сонымен қатар, от арқылы болжау тәжірибесі бар. Бұл туралы Уалиханов өзінің еңбегінде былай сипаттайды:

«Ильты (әйел бақсы) гадают обыкновенно по цвету пламени, бросая в огонь жир: если горит светло – значит предзнаменование хорошее, темно и красно – нехорошо. При этом джин требует какой-нибудь эксцентричности от ильты. Она все время пьет воду – ведро, или употребляет целый рот табаку (насывай)» (Уалиханов, 2014, сс. 212-213).

Бұл тәжірибе оттың орындаушыдан кері байланыстың, кері энергияның берілуін де қажет

ететінін дәлелдейді. Сондықтан шамандар отқа құрбандық беру тәжірибесін де орындаған. Оттың сакралдық қасиеті өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ. Қазіргі кезеңде иіссулы майшамдарды жағу тәжірибесі күнделікті өмірдің рәсімдеріне айналды. Жағылып тұрған майшамға қарап отыру арқылы жағымсыз ойдан арылады және денені ауыр энергиядан тазартады.

Қырғыздарда аластаумен байланысты «шам» тәжірибесі бар. Н.Маничкиннің зерттеуі бойынша қырғыздарда шам тәжірибесін арнайы шам бақсы орындайды. Шам арнайы материалдардан жасалады. Киелі жерлерде өсетін чий өсімдігінің сабағын таза ақ матамен орап өсімдік немесе жануар майымен майлайды. Оны үн немесе күл салынған ыдыстың ортасына қойып жағады. Рәсім үшін киелі сандар қолданылады. Кемінде 9 шам жағылады. Шам бақсы аль-Фатиханы немес басқа Құран сүрелерін оқып оттың қасиетін күшейтеді. Адамдар шамды айналып оған алақанын тигізіп отпен нұрланған алақанмен бетін, кеудесін және аяғын сипайды. Осылайша тазалану жүргізіледі (Manichkin, 2023, p. 49). Зерттеушінің пікірі бойынша бұл басқа Орталық Азия халықтарында алас деп аталады. Қырғыздардың шам тәжірибесі қазақтардың қазіргі кездегі майшам жағу тәжірибесімен барабар.

Қазіргі мәдени контексте оттың рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Бірақ ол қасиетті және символдық мәнін сақтап қалды. Бүгінгі таңда от тек дәстүрлі салт-жораларда ғана емес, ежелгі наным-сенімдерді заманауи тәжірибемен біріктіретін мәдени көріністің жаңа түрлерінде де қолданылады. Ол ежелгі дәстүрлерді заманауи тәжірибемен біріктіретін тазартудың, түрленудің, еске алудың және рухани байланыстың символы болып қала береді. Табиғаттың құдіретін, мәдени мұраның маңыздылығын және үйлесімділікке деген мәңгілік ұмтылысты еске түсіретін өрт адамдарды шабыттандырады.

Шипагерлік тәжірибесіндегі қамшының рөлі

Қамшы – қазақтардың күнделікті тұрмысында, әсіресе көшпелі мәдениеттің дәстүрлі құралы. Қазақтың дүниетанымында этнограф Б.Бопайұлының пікірі бойынша қамшының 66 түрі бар (Бопайұлы, 2003, б. 95). Әр қасының атқаратын қызметі әртүрлі және әрқайсының қасиеті зор. Қамшы өзінің утилитарлық қызметімен қатар, күш-қуат, қорғау және тазарту нышаны қызметін атқарып, емдік тәжірибелерде де маңызды рөл атқарды. Дәстүрлі қазақ мәдениетінде

тінде қамшы сакралды қасиеттерге ие. Емшілер және бақсылар ауруларды емдеуге, зұлым рухтарды қуып шығаруға және қуат тепе-теңдігін қалпына келтіруге бағытталған рәсімдерде қолданылған.

Қамшы билік пен бедел нышаны ретінде отағасының және бақсының қолында оның рухани күшін қуаттандыратын рөл атқарды.

Емшілердің тәжірибесінде қамшы ауырған адамның денесінен дуаны және жынды шығару тазалау үшін пайдаланады. Аталаған тәжірибені тікелей бақылау үшін Астана қаласындағы Қайрат емшіге бардық. Қайрат емші қамшыны адамды тазалау үшін қолданады. Оның қамшысы арғайы тапсырыспен жасалған. Қамшының сабына лақтың сирағы, қамшының өрімі кептірілмеген лақтың терісінен сегіз өріліп жасалаған. Сабы мен өрімін біріктіретін алақан арнайы күміспен және таспен безендірілген. Емшінің айтуы бойынша қамшыны салбыратып ілуге болмайды. Ол жаман ырым. Ол екі бүкетліп арнайы сөреде сақталады. Қайрат емшінің қамшымен емдеу тәсілі: тазалануға келген адамды ортаға тұрғызып кесеге су құйып, ол суды Құран сүресімен нұрландырып адамның үстіне бүркейді. Одан кейін қалған суды адамға ішуге береді. Суды ішіп болған соң Құран сүрелерін оқи отырып адамның басынан табанына дейін қамшымен «ұрып» шығады. Әсіресе, екі иықтың үңтінен бірнеше рет жүргізеді. Қайрат емшінің пікірі бойынша көп ауырпалық, қарапайым тілмен айтқанда жын-шәйтан иықта отырады. Сондықтан иықты бірнеше рет қамшымен ұрып өтеді. Қамшымен адам денесін ұру тек тазарту ғана емес, уқалау қызметін де атқарады. Қамшымен тазалау адамды жеңілдетіп қана қоймай қан айналымын да жақсартады деп санайды. Әрбір ем жүргізілгеннен кейін қамшы адыраспан, арша немесе жусанмен аласталып қамшыны да тазартады (АДЗМ).

Қамшы тұмар ретінде әрбір үйдің төрінде немесе есіктің жақтауында ілініп тұрады. Өмірін жоғары қайырып бүлдіргісінен ілген. Қазақтың дүниетанымы бойынша қамшының киесі мен иесі бар – Сесі бар. Бүгінде қамшы қазақтың мәдени болмысының элементі ретінде өзінің символдық мәнін сақтап қалды. Ол ғұрыптық тәжірибелерде сирек қолданылады, бірақ оның киелі өткенмен байланысы дәстүрлі ғұрыптарды зерттеу мен қайта құруда ерекше атап өтіледі. Сондай-ақ ұлттық ойындар мен көкпар сынды жарыстарда күш пен ептілік нышаны ретінде ерекше мәнге ие.

Қазақтардың емшілік тәжірибесінде қамшы

тек практикалық құрал ғана емес, қорғаныштық, сиқырлы күші бар киелі нысан ретінде де қызмет еткен. Оның қолданылуы көшпелі халықтардың дәстүрлі наным-сеніміне тән материалдық мәдениет пен рухани дүниенің терең байланысын көрсетеді.

Қорытынды

Қазақтың шипагерлік тәжірибесі – күрделі мәдени құбылыс. Жаһандану және урбанизация жағдайында қазақтың шипагерлік тәжірибесі көптеген өзгеріске ұшырады. Дәстүрлі нышандар мен рәсімдер мағынасын сақтай отырып, жаңа шындыққа бейімделді және жаңа формаларға ие болады.

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, қазақтың шипагерлік тәжірибесі шаманизм, түркі нанымдары мен ислам дәстүрлерінің элементтерін біріктіретін күрделі құбылыс болып табылады. Шипагерлік тәжірибесіндегі нышандар мен рәсімдер когнитивті, әлеуметтік және мәдени қызметтерді орындау арқылы шешуші рөл атқарады. Олар әлемді түсіндіру, ұжымдық бірегейлікті нығайту және мәдени мұраны дәріптеу құралы ретінде қызмет етеді. Олар емдеу құралдары ғана емес, сонымен бірге адамның табиғатпен және рухани әлеммен байланысының нышандары. Шипагерлік тәжірибесінде кең таралған тұмар тағу, отпен аластау, қамшымен тазалау дәстүрлері қазіргі кезде трансформацияға ұшыраса да өзінің өзектілігін жоғатқан жоқ. Нышандарды шипагерлік тәжірибеде қолдану қазақтардың рухани мәдениетін сақтауға және нығайтуға, оның бірегей құндылықтары мен дәстүрлерін көрсетуге ықпал етеді.

Зерттеу нышандар мен рәсімдердің мәдени сабақтастықты сақтауда маңызды рөл атқаратынын және оларды зерттеу бірегей этнографиялық тәжірибені сақтау мен таратуда маңызды екенін растайды. Қазіргі заманғы әлеуметтік өзгерістер аясында рәміздер мен рәсімдерді одан

әрі зерттеу ұсынылады, бұл олардың мәдени маңыздылығын сақтап қана қоймай, оларды қазіргі ғылыми және практикалық қызметке біріктіруге мүмкіндік береді.

Мәдени және антропологиялық талдау дәстүрлі нышандарды бастапқы мағынасын жоғалтпай қазіргі мәдениетке қалай біріктіруге болатындығын түсінуге көмектесті. Шипагерлік тәжірибелер арқылы көрсетілген қазақ халқының мәдени мұрасы ұлттық бірегейліктің маңызды элементі болып қала береді. Бұл тәжірибелерді зерттеу мәдени жадыны сақтауға және дәстүрлі білімді болашақ ұрпаққа беруге ықпал етеді.

Қорытындылай келе, қазақтың шипагерлік тәжірибесінің нышандары мен рәсімдері мәдени мұраның бір бөлігі ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының дүниетанымы мен құндылықтарын түсінудің маңызды құралы болып табылады деп айтуға болады. Қазақтың шипагерлік тәжірибесіндегі нышандар адам, табиғат және рухани әлем арасындағы терең байланыстарды бейнелейтін мәдени мұраның маңызды элементі болып табылады. Оларды зерттеу осы тәжірибелердің мәдени және антропологиялық маңыздылығын түсініп қана қоймай, қазақ халқының мәдени жады мен бірегейлігін сақтауға мүмкіндік береді. Қазіргі заманғы өзгерістер жағдайында олардың болашақ ұрпақ үшін маңыздылығын қамтамасыз ету үшін осы дәстүрлерді сақтауға және таратуға назар аудару қажет.

Авторлардың үлесі

К.С. Ермагамбетова – зерттеуді тұжырымдау, теориялық-әдістемелік негізді әзірлеу, ғылыми әдебиеттерге шолу жасау, негізгі мәтінді дайындау және жазу, редакциялау.

К.М.Атанакова – эмпирикалық материалдарды жинау және талдау, әдебиеттерді жинақтау және шолу жасау, нәтижелерді тұжырымдау, мәтін жазу.

Әдебиеттер

- Автордың далалық зерттеу материалдары. Емшінің қамшымен тазалау тәжірибесін бақылау және сұхбаттасу. – 2023 жыл.
- Айдарханұлы, Қ. (2019). *Қазақ емілігі энциклопедиясы: Қазақ емілігі білімдері*. – Алматы. – 464 б.
- Әбдіраман, Ө. (1999). *Қазақтың қара емдері*. – Алматы, – 152 б.
- Бопайұлы, Б. (2003). *Қазақ кәдесі (Асыл қазына)*. – Алматы: Издательство «Бастау». – 192 бет.
- Валиханов, Ч.Ч. (2014). *Собрание сочинений в пяти томах*. Том 1. – Алма-Ата: Издательство «Алатау». – 432 с.
- Ермагамбетова, К.С., & Атанакова К.М. (2023). Типология целителей в повседневной культуре казахов и их практика лечения: культурно-антропологический анализ // *Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение*. – Т. 142. - №. 1. - С. 197-210. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-197-210>

- Кантарбаева, С. (2010). Казахские национальные обереги: этнографическое исследование. – *Этнографическое обозрение*, №3 (2). – С. 183 – 189.
- Малиновский, Б. К. (2015). *Магия, наука и религия*. – М.: Академический Проект. – 305 с.
- Manichkin, N. A. (2017). Some Modern Magical Rites of the Kyrgyz People: a Shamanistic Perspective. *Oriental Studies*, 10(1), p. 48-57.
- Маулет, А., & Тлегенова, Л. Т. (2023). Сарыарқа қазақтарының этнографиялық құндылықтары: халық емшілігі (Ақмола этнографиялық экспедициясы материалдарының негізінде). *Қарағанды университетінің хабаршысы Тарих. Философия сериясы*, 112(4), 81-90 бб.
- Муканова, М. Ш. (2014). *Традиционные обереги казахов: история и символика*. Астана: Фолиант. – 98 с.
- Мустафина, Р. М. (1992). *Представления, культы, обряды у казахов*. – Алматы: Қазақ университеті. – 173 с.
- Наурызбаева, З. (2021). *Вечное небо казахов*. 3-е издание. – Алматы: – 718 с.
- Tillinghast, R. (2007). Dervishes. *Irish Pages*, Vol.4(1), 152-157. <https://www.jstor.org/stable/30057376>
- Толубаев, А. Т. (1991). *Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-нач. XX в.)*. Алматы: Ғылым. – 209 с.
- Тоқтабаева, Ш. Ж. (2005). *Серебряный путь казахских мастеров*. – Алматы. – 472 с.
- Утегенова, А. К. (2021). Казахские целительские традиции и их связь с природой. *Этнографическое обозрение*, №5 (3), – С. 202-211.
- Фрэзер, Дж. (2018). *Золотая ветвь. Исследование магии и религии*. Пер. с англ. – М.: Азбука-Аттикус. – 484 с
- Шайгозова, Ж. Н., & Наурызбаева, А. Б. (2023). *Қазақ мәдениетінің белгілері мен нышандарының қысқаша энциклопедиясы*. – Алматы: ҚазҒЗМИ. – 320 б.

References

- Avtordyn dalalyk zertteu materialdary. Emshinin kamshymen tazalau tazhiribesin bakylau zhane suhbattasu. – 2023 zhyl. [Author's field research materials. Observation and interview of a healer's whip cleaning practice] (in Kazakh)
- Aidarhanuly K. (2019). Kazakh emshiligi enciklopediyasy: Kazakh emshiligi bilimderi. – Almaty. – 464 b. [Encyclopedia of Kazakh Medicine: Knowledge of Kazakh Medicine] (in Kazakh)
- Abdiraman O. (1999). Kazakhtyn kara emderi. – Almaty. – 152 b. [Kazakh black magic] (in Kazakh)
- Bopaiuly B. (2003). Kazakh kadesi (Asyl kazyna). – Almaty: «Bastau» baspasy. – 192 b. [Kazakh treasure (Noble treasure)] (in Kazakh)
- Valihanov Ch.Ch. (2014). Sobranie sochinenij v pjati tomah. Tom 1. – Alma-Ata: Izdatel'stvo «Alatau». – 432 s. [A collection of essays in five volumes] (in Russian)
- Yermagambetova K.S., & Atanokova K.M. (2023). Tipologiya celitelej v povsednevnoj kul'ture kazahov i ih praktika lecheniya: kul'turno-antropologicheskij analiz // Vestnik ENU im. L. Gumileva Seriya Istoricheskie nauki. Filosofiya. Religiovedenie. – T. 142. - №. 1. - S. 197-210. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-142-1-197-210>. [Typology of targets in everyday culture of Kazakhs and their practice of treatment: cultural and anthropological analysis] (in Russian)
- Kantarbaeva S. (2010). Kazahskie nacional'nye oberegi: etnograficheskoe issledovanie. – Etnograficheskoe obozrenie, №3 (2). – S. 183 – 189. [Kazakh national amulets: an ethnographic study] (in Russian)
- Malinovskij B. K. (2015). Magiya, nauka i religiya. – M.: Akademicheskij Proekt. – 305 s. [Magic, Science and Religion] (in Russian)
- Manichkin N. A. (2017). Some Modern Magical Rites of the Kyrgyz People: a Shamanistic Perspective. *Oriental Studies*, 10(1), p. 48-57.
- Maulet A., & Tlegenova L. T. (2023). Saryarka kazaktarynyn etnografiyalyk kundylyktary: halyk emshiligi (Akmola etnografiyalyk ekspediciyasy materialdarynyn negizinde). Qaragandy universitetinin habarshysy Tarih. Filosofiya seriyasy, 112(4), 81-90 bb. [Ethnographic values of the Saryarka Kazakhs: folk medicine (based on materials from the Akmola ethnographic expedition)] (in Kazakh)
- Mukanova M. SH. (2014). Tradicionnye oberegi kazahov: istoriya i simbolika. Astana: Foliant. – 98 s. [Traditional charms of Kazakhs: history and symbolism] (in Russian)
- Mustafina R. M. (1992). Predstavleniya, kul'ty, obryady u kazahov. – Almaty: Qazaq universiteti. – 173 s. [Representations, cults, rituals among Kazakhs] (in Russian)
- Nauryzbaeva Z. (2021). Vechnoe nebo kazahov. 3-e izdanie. – Almaty: – 718 s. [The eternal sky is Kazakh] (in Russian)
- Tillinghast R. (2007). Dervishes. *Irish Pages*, 4(1), 152-157. <https://www.jstor.org/stable/30057376>
- Tolubaev A. T. (1991). Relikty doislamskih verovanij v semejnoy obryadnosti kazahov:(XIX-nach. XX v.). Almaty: Gylym. – 209 s. [Relics of pre-Islamic beliefs in Kazakh family rituals (XIX-early XX centuries)] (in Russian)
- Tohtabaeva SH. ZH. (2005). Serebryanyj put' kazahskih masterov. – Almaty. – 472 s. [The silver path of Kazakh masters] (in Russian)
- Utegenova A. K. (2021). Kazahskie celitel'skie tradicii i ih svyaz' s prirodoj. Etnograficheskoe obozrenie, №5 (3), – S. 202-211 [Kazakh healing traditions and their connection with nature] (in Russian)
- Frezer Dzh. (2018). Zolotaya vetv'. Issledovanie magii i religii. Per. s angl. – M.: Azbuka-Attikus. – 484 s. [Golden branch. The study of magic and religion] (in Russian)
- Shajgozova ZH. N., & Naurzbaeva A. B. (2023). Kazakh medenietinin belgileri men nyshandarynyn kyskasha enciklopediyasy. – Almaty: KazFZMI. – 320 b. [A brief encyclopedia of signs and symbols of Kazakh culture] (in Kazakh)

Авторлар туралы мәлімет:

Ермагамбетова Куралай Сергабыловна (корреспондент-автор) – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры м.а. (Астана, Қазақстан, e-mail: quralai.sergabylyzy@mail.ru).

Атанакова Карлыгаш Муратбековна – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 8D03104 – Мәдениеттану БбБ докторанты (Астана, Қазақстан, e-mail: k.atanakova@mail.ru).

Information about the authors:

Yermagambetova Kuralay (corresponding author) – PhD, Acting Associate Professor of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: quralai.sergabylyzy@mail.ru).

Atanakova Karlygash – PhD student of the L. N. Gumilyov Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: k.atanakova@mail.ru).

Сведения об авторах:

Ермагамбетова Куралай Сергабыловна (автор-корреспондент) – PhD, и. о. ассоциированного профессора Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: quralai.sergabylyzy@mail.ru).

Атанакова Карлыгаш Муратбековна – докторант ОП 8D03104 – Культурология Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: k.atanakova@mail.ru).

Келін түсті: 23.11.2025

Қабылданды: 10.01.2026